

Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты

Осы құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты «IZIPAQ» ЖШС-нің (бұдан әрі – Компания) сайтының дербес және өзге де деректерді өңдеу және пайдалану тәртібін реттейді. Осы Құпиялылық саясатының қолданыстағы редакциясы әрдайым танысу үшін қолжетімді және Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша орналастырылған: <https://izipaq.kz/>

Компанияға сайт арқылы дербес және басқа да деректерді бере отырып Пайдаланушы көрсетілген деректердің осы Құпиялылық саясатында айтылған шарттармен пайдаланылуына өз келісімін беретінін растайды.

Егер Пайдаланушы осы Құпиялылық саясатының шарттарымен келіспесе, ол Сайтты пайдалануды тоқтатуға міндетті.

Пайдаланушының Сайтты пайдалана бастауы осы Құпиялылық саясатының шартсыз акцепті болып табылады.

1. ТЕРМИНДЕР

1.1. Сайт – Интернет желісінде <https://izipaq.kz/> мекенжайы бойынша орналасқан сайт.

Сайтқа және оның жеке элементтеріне (бағдарламалық жасақталымды, дизайнды қоса алғанда) барлық айрықша құқықтар толық көлемде Компанияға тиесілі. Айрықша құқықтарды Пайдаланушыға беру осы Құпиялылық саясатының нысаны болып табылмайды.

1.2. Пайдаланушы – Сайтты пайдаланушы тұлға.

1.3. Заңнама – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы.

1.4. Дербес деректер – Пайдаланушының Сайтқа тіркелуі немесе оның функционалын пайдалануы барысында өз бетінше ұсынатын дербес деректері.

1.5. Деректер – Пайдаланушының (Дербес деректер ұғымына кірмейтін) өзге деректері.

1.6. Тіркелу – Пайдаланушының қажетті мәліметтерді көрсету және сканерленген құжаттарды жіберу жолымен Сайтта орналасқан Тіркелу нысанын толтыруы.

1.7. Қызмет(тер) – Компанияның келісімдер негізінде ұсынатын қызметтері.

2. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

2.1. Компания тек Компанияның Қызметтер көрсетуі және Пайдаланушымен өзара іс-әрекет жүргізуі үшін қажетті Дербес деректерді ғана жинайды және сақтайды.

2.2. Дербес деректер келесі мақсаттарда қолданылуы мүмкін:

2.2.1 Пайдаланушыға Қызметтер көрсету;

2.2.2 Пайдаланушыны сәйкестендіру;

2.2.3 Пайдаланушымен өзара іс-әрекет жасау;

2.2.4 Пайдаланушыға жарнамалық материалдар, ақпарат және сұраулар жіберу;

2.2.5 статистикалық және өзге де зерттеулер жүргізу.

2.3. Компания соның ішінде келесі деректерді өңдейді:

2.3.1 тегі, аты және әкесінің аты;

2.3.2 электронды пошта мекенжайы;

2.3.3 телефон нөмірі;

2.3.4 Пайдаланушының жұмыс орны туралы мәліметтер.

2.4. Пайдаланушыға Сайтта үшінші тұлғалардың дербес деректерін көрсетуге тыйым салынады (мұндай тұлғалардың осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құжатты куәліктері бар болып, олардың мүдделеріне өкілдік ету жағдайын қоспағанда).

3. ДЕРБЕС ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Компания Дербес деректерді Қазақстан Республикасының «Дербес деректер туралы» Заңына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес пайдалануға міндеттенеді.

3.2. Пайдаланушының Дербес деректеріне және өзге де Деректеріне қатысты көрсетілген деректер жалпыға қолжетімді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олардың құпиялылығы сақталады.

3.3. Компания Дербес деректердің мұрағаттық көшірмесін сақтап қалуға құқылы.

3.4. Компания Пайдаланушының Дербес деректері мен Деректерін Пайдаланушының келісімінсіз келесі тұлғаларға беруге құқылы:

3.4.1 мемлекеттік органдарға, соның ішінде жауап алу және тергеу органдарына, себебі түсіндірілген сұрауы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына;

3.4.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей қарастырылған өзге жағдайларда.

3.5. Компания төмендегі жағдайларда Дербес деректер мен Деректерді осы Құпиялылық саясатының 3.4. тармағында көрсетілмеген үшінші тұлғаларға беруге құқылы:

3.5.1 Пайдаланушы мұндай іс-әрекеттерге өзінің келісімін білдірді;

3.5.2 беру Пайдаланушының Сайтты пайдалануы немесе Пайдаланушыға Қызметтер көрсету шеңберінде қажет.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

4.1. Компания Заңнамаға сәйкес Дербес деректерді және өзге де деректерді тиісінше қорғауды жүзеге асырады және Дербес деректерді қорғау үшін қажетті және жеткілікті ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қабылдайды.

4.2. Қолданылатын қорғау шаралары соның ішінде Дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшірмелеуден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың олармен өзге де заңсыз іс-әрекеттер жасауынан қорғауға мүмкіндік береді.

5. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Осы Құпиялылық саясатына және Құпиялылық саясатын қолданумен байланысты Пайдаланушы мен Компания арасында туындайтын қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығы қолданылуы тиіс.

5.2. Осы Келісімнен туындайтын барлық ықтимал даулар Компанияның тіркелген жері бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешілуі тиіс.

5.3. Егер қандай да бір себептерге байланысты Құпиялылық саясатының бір немесе бірнеше ережесі жарамсыз немесе заңды күші жоқ деп танылатын болса, бұл Құпиялылық саясатының қалған ережелерінің жарамдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.

5.4. Компания Құпиялылық саясатын (толығымен немесе ішінара) біржақты тәртіппен Пайдаланушымен алдын ала келіспестен кез келген сәтте өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Барлық өзгертулер Сайтта орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

5.5. Пайдаланушы өзекті редакциясымен танысу жолымен Құпиялылық саясатының өзгерістерін өз бетінше қадағалап отыруға міндеттенеді.

5.6. Осы Құпиялылық саясаты бойынша барлық ұсыныстарды немесе сұрақтарды сайтта «Байланыс мәліметтері» бөлімінде көрсетілген электронды пошта және телефон нөмірлері арқылы хабарлау қажет.